

ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ МӘДЕНИЕТ, АРХИВТЕР ЖӘНЕ ҚҰЖАТТАМА БАСҚАРМАСЫНЫҢ  
«ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ БАЛАЛАР ЖӘНЕ ЖАСӨСПІРІМДЕР КІТАПХАНАСЫ» КММ

Ақпараттық-библиографиялық орталық

ЖАРҚЫН БЕЙНЕ



(Е.Рахмадиевтің туғанына 85 жыл)  
Әдебиеттердің ұсыныс тізімі  
(Мектептің жоғарғы сынып оқушылары мен балалар  
оқуын басқарушыларға арналған)

Өскемен қаласы, 2017



85



## Алғы сөз



Құрметті оқырман, қазақ өнерінің мақтанышы, халықтың, Отанның сүйікті азаматы, Рахмадиев Еркеғалың 85 жасқа толуына орай назарларыңызға **«Жарқын бейне»** атты әдебиеттердің ұсыныс тізімі ұсынылып отыр. Ұсыныс тізімінде композитордың өмірбаяны, шығармалары баян етілген.

Еркеғали Рахмадиев – замана жыршысы. Кесек реалист. Қоғамдық өмірдің, шыншыл, таза насихатшысы. «Отан» туралы одаларында ірі азаматтық пафос идеялық көркемдік шешім жатады. «Сүйер ұлың болса сен де сүй» деген данышпан Абай сөзі еске оралады.

Әдебиеттің ұсыныс тізімі жоғарғы сынып оқушылары мен балалар оқуын басқарушыларға арналған.

Бөлімдері:

- Ғұмырнама (*өмірі мен шығармашылығы*)
- Музыка мэтрі (*оның композициясы туралы сырлар*)

Осы әдебиеттердің ұсыныс көрсеткіші туралы пікірлеріңіз бен ұсыныстарыңызды, сын-ескертпелеріңіз болса мына мекен-жайға жіберулеріңізге болады:

### МЕКЕН -ЖАЙЫМЫЗ:

*Өскемен қ.,*

*Космическая к., 6/2*

***ШҚ Облыстық балалар және жасөспірімдер кітапханасы***

**Байланыс тел.: 8(7232)75-44-36**

**e-mail: [childrenlibrary@mail.ru](mailto:childrenlibrary@mail.ru)**

***http: // [www.odub.kz](http://www.odub.kz)***



## Рахмадиев Еркеғали



Қазақстанның көрнекті композиторларының бірі, КСРО Халық әртісі (1981), Қазақстан Мемлекеттік сыйлығының лауреаты (1980).

*Өмірі мен шығармашылық жолы*

1957 жылы Құрманғазы атындағы

Алматы мемлекеттік консерваториясын

Е.Г.Брусиловскийдің класы бойынша бітіреді. 1959 - 1962 жылдары Қазақ филармониясының көркемдік жетекшісі, 1967 - 1975 жылдары Абай атындағы опера және балет театрының директоры, консерватория ректоры, Қазақстан Композиторлар одағы басқармасы төрағасы, бірінші хатшысы, 1990 жылдан 1993 жылға дейін Қазақ Республикасының Мәдениет министрі қызметтерін атқарған. Болашақ композитор жастайынан домбырада ойнап, ән салады. Халық әндері мен күйлерін жетік білгендігі, кейін оның шығармашылығына көп пайдасын тигізді.

*Шығармашылығының ертерек шағы*

*(1950-ші жылдары)*

Оқу жылдарын композитордың шығармашылығының ертерек шағына жатқызуға болады. Училищеде, домбыра және теория кластарында оқып жүрген кезінде (1948 - 1952 жылдар) ол әндер, аспаптық пьесалар және сахналық қойылымдарға музыка жазды. Болашақ композитордың талпынысына Л.Хамиди мен Е.Брусиловскийдің құнды кеңестері ықпалын тигізбей қоймады. Консерваторияда Е.Брусиловскийдің композиция класында (1952 - 1957) оқып жүрген шағында алғашқы шығармалары жарыққа шықты. Шығармалары өте сәтті болды. Бұлардың ішінде «На зов Абая» атты фортепьянолық поэмасы ерекше көзге түседі. Бұл шығарма әлі күнге дейін пианистердің репертуарларынан түскен жоқ. Поэма жас композитордың өз жанынан шығарған шығармасы,



мұнда әуен әдеттегі арпеджиолық құрылымда сүйемелденеді. Баяу келетін лирикалық эпизодында Абайдың «Айттым сәлем Қаламқас» әнін орынды пайдаланған.

Студент шағында да композитор үлкен ізденіс үстінде жүреді. Ол әртүрлі жанрларды меңгеріп, халық өнерінің түпнұсқасын ұғынды, өзінің бейнелеу тәсілдерін іздеді. Бұл әрекетінің бәрі дерлік сол кезеңдегі шығармаларында байқалады.

*Кемелдену шағы*

1993 жылдан бастап таза шығармашылық жұмыспен айналысады. Оның шығармалары: «Қамар сұлу» (1963), «Алпамыс» (1972), «Тың туралы ән» (1980) опералары, «Амангелді» (1956), «Толғау» (1960) симфониялық поэмалары, симфониялық оркестрге арналған «Мерекелік күй» («Дайрабай» 1963, 1973 жылы Алматыда өткен Азия елдерінің халықаралық үшінші музыкалық Мінберінде сыйлыққа ие болған), «Құдаша-думан» (1973) және «Ортпа» күйлері (1977), «Айастан» кантатасы (1968), «Мерекелік кантата» (1970) және «Конституция туралы поэма» (1970, Қазақстан Мемлекет сыйлығына ие болған), «Балқаштағы кештер» (1962), «Жас механизаторлар», «Көктемгі дауыста (1977) хорлары т.б.

1980 жылдары Рахмадиев Ғ.Мүсіреповтың рухына оратория-реквием (1987), скрипка мен оркестрге арналған концерт (1985), М.Мақатаевтың өлеңдеріне алты романс (1983), Абай өлеңдеріне жеті романс (1985), «Өмір жолымен» кинофильміне музыка (1985), «Майра» музыкалық комедиясын (либреттосын жазған Ғ. Мүсірепов, 1985) жазды. 1986 жылы «Қамар сұлу» операсының екінші редакциясын жасады. Музыкаға арнаған жарты ғасырлық қызметінің шырқау шыңы - тәуелсіз Қазақстанның алғашқы үлкен операсы «Абылай хан» ерлік-эпикалық операсы болды.

## Қолданылған әдебиеттер тізімі:



- Рахмадиев Еркеғали [Мәтін]//Қазақстан композиторлары = Композиторы Казахстана: анықтамалық = справочник / құраст. Б. Қуат. - Алматы, 2011. – Б. 166-167.

## Музыка мэтрі

-Қазақ музыка өнерінің белгілі қайраткерлерінің бірі композитор Еркеғали Рахмадиев Балқаш көлінің жағасында толқындардан шабыт алып өскен екен. Оның әкесі Рахмади суырыпсалма ақын болған. Алыстағы құмды ауылдан ұзап шыға алмағаны болмаса, тілі мірдің оғындай, тепкіні қатты, тегеурінді ақын болған деседі. Мұндай қасиет атадан дарыған болса керек. Мынадай аңыз да бар ел ішінде. Бір күні атасы түс көріпті. Түсінде ақ киімді, ақ сақалды кісі келіп: «Көген аласың ба, өлең аласың ба?» - деп сұрапты. Сонда атасы ойланып:«Көген алсам, бай болармын. Айналамдағы өзге жұрт кедей болса, менің байлығымнан халыққа пайда бар ма? Өлең алсам, халықтың көңілін көтеріп, сергітуге жарармын. Өлең аламын», - деген екен. Содан тұқымдарымен ақын, әнші, өнерге бейім болыпты.

Сол Рахмади ақынның баласы Еркеғали ақын болмаса да, музыка жолына түсіп, атақты композитор болды. Ол композитор Мұқан Төлебаев екеуі бір ауылдан екен. Мұқан консерваторияда оқып жүрген Еркеғалидың дарынын жоғары бағалап, одан үлкен үміт күтеді. Бірде Мұқан туған ауылына - Шұбартүбекке барғанда, қасына студент Еркеғалиды ертіп алады. Бұлар ауылға келгенде ел-жұрт қуана қарсы алып, думан құратын еді. Бұл жолы да халық екі өнерпазды ортаға алып, думандатады. Ән айтылып, күй тартылады. Ақындар сөз маржанын төгеді. Мұқанның анасы ақын Тәжібала да өмірін өнермен ұштастырған екі ұланын мақтан етіп, мадақтап, ұзақ сонар жыр толғайды. Сол толғаудан ел аузында:

*Мұқажан, Еркеғали- екі шырақ,  
Сендерді біз отырмыз тамашалап.  
Балқаш пен қасиетті Шұбартүбек*

*Сыйлапты екеуіңе таудай талап,*

деген жалғыз шумақ қана сақталып қалыпты.



Сол жас өнерпаз бүгінде қазақ музыка өнерінің тарланы, СССР халық артисі, композитор, профессор Еркеғали Рахмадиев еді. Ол - «Қамар сұлу», «Алпамыс», «Абылай хан» сияқты ұлттық музыканың тамаша үлгісі болып саналатын, еңселі де сүбелі опералардың авторы. Сондай-ақ ол симфониялық музыка жанрына да қалам тартты. Оның «Толғау», «Амангелді» симфониялық поэмалары қазақ симфониялық музыкасына қосылған сүбелі үлес болып табылады. Ол - халқымыздың күй мұрасын өңдеп жетілдіріп, симфониялық музыка дәрежесіне көтерген суреткер. Оның «Дайрабай», «Құдаша - Думан» симфониялық күйлері Азия, Африка және Латын Америкасы елдерінің музыка форумында үздік музыка деп танылып, әлемге жария етіліп, жер жүзінің 49 мемлекетінде орындалатын болды. Бұл композитордың ғана емес, қазақ музыкасының үлкен жеңісі еді.

Оның Отан, туған ел, туған жер туралы әндерінің өзі бір төбе. «Таңсамалы», «Әнші бақыты», «Көктем вальсі», «Сағындым, еркем», «Жетісудың қыздары-ай» әндері - халықтың жүрегінен орын алған шығармалар. Оның Абай сөздеріне жазған романстары терең ойлылығымен ерекшеленеді. Ол хор жанрына да шығармалар жазды. Көл жағасындағы кешкі көріністі әдемі суреттеген «Балқаш кеші» хоралы хор ұжымдарының реперуарынан түспей келеді. Мұхтар Әуезовті еске түсіруге арналған «Мұхтар аға» деген хорға жазылған поэма – реквиемі – композитордың осы жанрдағы көлемді де көрнекті дүниесі.

Шабытын толқын тербеткен дарынды композитор – көп шәкірт тәрбиелеген ұлағатты ұстаз, профессор. Ол бір жылдары Құрманғазы атындағы консерваторияны, Қазақстан Композиторлар одағын басқарып, жас композиторларға бағыт-бағдар беріп, көптеген шәкірт тәрбиеледі. Қазақстан Мәдениет министрі қызметінде жүргенде еліміздің мәдениеті мен өнерін өркендетуге күш-жігерін жұмсады.

*Т. Бейсембек*



- Қазақтың дүниежүзілік деңгейде танылған екі композиторы бар десек, соның бірі – Мұқан Төлебаев та, екіншісі Еркеғали Рахмадиев екенін музыкатанушылардың өзі мойындайды.

Шығармашылық өресі, суреткерлік шеберлігі өз алдына, Еркеғали Рахмадиев азаматтық болмысы бөлек, намысы, рухы биік тәуекелшіл тұлға еді. Мысалы, ол кісінің Құрманғазы атындағы ұлттық консерваторияның тізгінін ұстаған кезінде тұңыш рет қылқобыз класын ашқанын және оған ұстаздыққа бастауыш сыныптық қана сауаты бар тума талант Жаппас Қаламбаевты қабылдағанын біреу білсе, біреу білмейді.

Әлемді таң қалдырған әйгілі № 5, № 6, № 7 симфониялардың авторы, ұлы сазгер Д. Шостаковичтің Одақ көлеміндегі жарық жұлдыздардың қатарында Е. Рахмадиевті сүйіспеншілікпен атауы тектен-тек емес.

Кемеңгер ойшылдың бұл сөзі бүгінгі қазақ музыкасына берілген баға деп білеміз.

Еркеғали Рахмадиев өз заманының жаратылысына лайық туған таза дарын, жан-жақты мол біліммен келген ой иесі. Қоғамның саяси, мәдени дамуының жалпы көркемөнердің дүние қозғалысындағы озық үлгілерінен ғибраты бар және әр бір шығармасынан сол ізгілік пен білімпаздықтың сәулесі жарқырап тұратын шын мәніндегі кәсіби композитор.

Бұдан шығатын қорытынды, композитор шығармашылығының бар болмысында халықтық дәстүрдің мол қуаты, ой жүйесі кестеленіп жатады. Тарих қойнауынан жеткен шешен домбыраның үні, дана қобыз сарыны, сан-алуан ән сазы бар. Өз халқының ұғым аясына биіктеп енеді, өзгеше түр, жаңа мазмұнмен замана төрінен ой қозғайды. Бұл Рахмадиев өнеріне тән қағида.

*Кәрменов Ж.*



Еркеғали Рахмадиев әр түрлі текте жазған шығармалары түрі мен мазмұны жағынан кең ауқымды болып келеді. Тыңдаушы музыканың сарқылмас қайнарынан нәр алып, эстетикалық ләззатқа бөленеді.

*Қамбаров Ж.*

Соңғы кездесу концертінде Нартайдың мына өлеңі есіме түсті:

«Өздерің білер Нартаймын.

Нар болсам да қартайдым.

Арнасы бар да, өзі жоқ,

Баяғы дауыл айқайдың.

Дәме бар да, дәрман жоқ,

Басты еріксіз шайқаймын...»

*Мыржықбай К.*

### Қолданылған әдебиеттер тізімі:



- Мыржықбай, К. Соңғы кездесу [Мәтін] / К. Мыржықбай // Егемен Қазақстан. - 2013. - 21 мамыр (№130). - Б. 5.
- Рахмадиев Еркеғали [Мәтін]//Кәрменов, Ж. Әніңнің қазақ жетпес бұрмасына / Ж. Кәрменов. – Астана, 2002. – Б. 97-101.
- Рахмадиев Еркеғали [Мәтін]// Қамбаров, Жұмабек Сан сырлы сахна: / Жұмабек Қамбаров. – Алматы, 2004. – Б. 177.
- Шабытын толқын тербеткен... [Мәтін]//Бейсембек, Т. Сиқырлы музыка: жыр жинағы / Т. Бейсембек. - Астана, 2016. – Б.109-111.

### Өмірі мен шығармашылығы туралы әдебиеттер тізімі:

- ✓ Рахмадиев Еркеғали [Мәтін]//Қазақстан композиторлары = Композиторы Казахстана: анықтамалық = справочник / құраст. Б. Қуат. - Алматы, 2011. – Б.166-167.
- ✓ Рахмадиев Еркеғали [Мәтін]//Кәрменов, Ж. Әніңнің қазақ жетпес бұрмасына / Ж. Кәрменов. – Астана, 2002. –Б. 97-101.

- ✓ Рахмадиев Еркеғали [Мәтін]// Қамбаров, Ж. Сан сырлы сахна / Ж. Қамбаров. – Алматы, 2004. – Б. 177.
- ✓ Рахмадиев Еркеғали [Мәтін]//Шығыс жұлдыздары: энциклопедиялық анықтамалық. 1-т. / құраст.: Ұ. Есдәулет. - Астана, 2011. – Б. 261.
- ✓ Шабытын толқын тербеткен... [Мәтін]//Бейсембек, Т. Сиқырлы музыка: жыр жинағы / Т. Бейсембек. - Астана, 2016. – Б.109-111.

### Мерзімдік басылымдар тізімі:

- ✓ Бодаубай, Б. Ел ағасы - Ерағаң [Мәтін] / Б. Бодаубай // Егемен Қазақстан. - 2010. - 28 шілде (№ 304-307). - Б. 5- 6.
- ✓ Ермекова, С. Рахмадиев шығармашылығының ерекшеліктері [Мәтін] / С. Ермекова // Қазақстан мектебі. - 2013. - №6. - Б. 26-27.
- ✓ Музыка мэтрі дүниеден озды [Мәтін] : қазанама // Алаш айнасы. - 2013. - 11 сәуір(№59). - Б. 5.
- ✓ Мыржықбай, К. Соңғы кездесу [Мәтін] / К. Мыржықбай // Егемен Қазақстан. - 2013. - 21 мамыр (№130). - Б. 5.
- ✓ Оразалин, Н. Ел ағасы - Ерағаң [Мәтін] : қазанама / Н. Оразалин // Қазақ әдебиеті. - 2013. - 12-18 сәуір(№15). - Б. 1, 11.
- ✓ 2013 жылы қазақ мәдениеті кімдерден айырылды? [Мәтін] : жыл қасіреті / дайын.: Р. Үркімбаев // Жұлдыздар отбасы. - 2014. - №1. - Б. 50.



### Есімдер көрсеткіші:

➤ Бейсембек Т.....	5
➤ Кәрменов Ж.....	6
➤ Қамбаров Ж.....	7
➤ Мыржықбай К.....	7

## Мазмұны:

Алғы сөз.....	1
Өмірі мен шығармашылығы.....	2
Музыка мэтрі.....	4
Есімдер көрсеткіші.....	9





**Құрастырған және  
компьютерде өндеген:**

**Л.А.Алимкулова**

*жоғары дәрежелі библиограф*

**Жауапты: К. Б. Мукашева**

*кітапхана директорының міндетін атқарушы*

**Тексерген: А. Н. АБДАКЕРОВА**

*кітапхана аудармашысы.*